

**"Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілердің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 қазандағы № 1151 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 20 желтоқсандағы № 1368 қаулысы

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Осы қаулы 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілердің кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 қазандағы № 1151 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 56, 800-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілерді а й қ ы н д а у к а ф и д а с ы н д а :

5-тармақтың екінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қазақстан Республикасының республикалық және облыстық маңызы бар орталық және жергілікті атқарушы мемлекеттік органдарының, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, жергілікті және басқа да соттардың, Бас прокуратураның, облыстардың прокуратураларының, республикалық маңызы бар қала мен республика астанасы прокуратураларының, қалалық және оларға теңестірілген әскери және басқа да мамандандырылған прокуратуралардың, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті мен оның аумақтық бөліністерінің әкімшілік ғимараттары мен объектілері;».

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілердің инженерлік-техникалық нығайтылуы жөніндегі талаптарда:

6-тармақтың 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«2) В санаты – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың объектілері; жанар-жағармай, энергетикалық пайдалы қазбаларды өндіруге және қайта өңдеуге байланысты объектілер, химия өнеркәсібінің объектілері; су шаруашылығы объектілері – гидротехникалық құрылыстар: гидротораптар, шлюздер, бөгеттер; су қоймалары, аса қауіпті, бактериологиялық, биологиялық және химиялық заттарды әзірлеу, өндіру, сынау және сақтау жөніндегі ұйымдардың объектілері мен оқшауланған үй-жайлары; тіршілікті қамтамасыз ету объектілері; ауыр қылмыс жасағаны үшін күдікті адамдарды стационарлық сот-психиатриялық сараптамадан және зерттеуден өткізу жөніндегі ұйым;

3) С санаты – Қазақстан Республикасы орталық және жергілікті атқарушы мемлекеттік органдарының, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, жергілікті

және басқа да соттардың; Бас прокуратураның, облыстар прокуратураларының, республикалық маңызы бар қала мен республика астанасы прокуратураларының, қалалық және оларға теңестірілген әскери және басқа да мамандандырылған прокуратуралардың, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті мен оның аумақтық бөліністерінің әкімшілік ғимараттары мен объектілері; Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің объектілері, оның филиалдары мен сақтау орындары; Қазақстан Республикасында аккредиттелген шетелдік дипломатиялық өкілдіктер, консулдық мекемелер мен халықаралық ұйымдардың өкілдіктері; республикалық маңызы бар байланыс, теле және радиохабарларын тарату объектілері; ғарыш инфрақұрылымының объектілері.».

2. Осы қаулы 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Премьер-Министрі*

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*С. Ахметов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК